Алматы облысы бойынша ішкі мемлекеттік аудит департаментіне

Еңбекшіқазақ ауданында өңірлік бұқаралық ақпарат құралдары арқылы мемлекеттік ақпараттық саясатты жүргізу

Тапсырыс беруші тарап: «Еңбекшіқазақ ауданының ішкі саясат бөлімі» мемлекеттік мекемесі мен ашық конкурсты ұйымдастырушы «Еңбекшіқазақ аудандық қаржы бөлімі» мемлекеттік мекемесі ағымдағы жылдың 18 наурыздағы Еңбекшіқазақ ауданында өңірлік бұқаралық ақпарат құралдары арқылы мемлекеттік ақпараттық саясатты жүргізу үшін №5612057-1 ашық конкурс өткізудің жарияланыма ұсынылған өнім берушілердің құжаттарында кемшіліктерге жол беріліп 2021 жылдың 29 сәуірдегі №5612057-ОК1 мынандай қорытынды хаттамасына сәйкес төмендегіні мәлімдеймін:

Ең алдымен, конкурстық құжаттаманың ұсынылған техникалық ерекшелігінде газет қазақ және орыс тілдерінде шығуы, желілік басылымның болуы, апталық тираж 6000 данадан кем болмау еместігі және де аймақтық қоғамдық-саяси баспа басылымы болуы қажет деп көрсетілген.

I. Осы орайда, «Жәрдем» газеті Қазақстан Республикасы ақпарат және қоғамдық даму министрілігі Ақпарат комитетінің куәлігіне сәйкес медициналық, ойын-сауық, қоғамдық-саяси жарнамалық, әлеуметтік-экономикалық материалдарды жариялау болып табылады. Ал, газеттің қазіргі бағыты республикалық қоғамдық-медициналық апталық газеті типінде газеттің басты тақырыбына айналған.

Сондай-ақ, Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2015 жылғы 11 желтоқсандағы «Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы» № 648 бұйрығының 150 тармағының 1 тармақшасына сәйкес көрсетілген қызметтердің тәжірибесін растайтын электронды құжаттарының толық болмауы (көрсетілген қызметтің актісі), өнім беруші тарап тек электронды счет-фактура ұсынған. Апталық тиражы - 1500 данадан аспайды.

Бұған қоса шығарылуы тоқтатылған **(№1 қосымша)**

II. «Ақпарат айдыны» газеті Қазақстан Республикасы ақпарат және қоғамдық даму министрілігі Ақпарат комитетінің куәлігіне сәйкес қоғамдық-саяси, ақпараттық-жарнамалық, мәдени, әдеби, құқықтық және әлеуметтік-экономикалық материалдарды жариялау болып табылады. Ал, газеттің қазіргі бағыты қоғамдық-саяси, ақпараттық-жарнамалық газеті типінде газеттің басты тақырыбына айналған. Ол қазақша, орысша, ағылшынша, ұйғырша, түрік тілдерінде материалдар жариялануға негізделген, алайда, тек қазақша және орысша материалдар жарияланып келеді. Бұл жерде айтатын жайт – газет Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 23 шілдедегі «Бұқаралық ақпарат құралдары туралы» №451 Заңынан ауытқымау міндеттелген және де жауапкершілік көзделгенін ескеру керек.

Газет – баспа басылым (печатное издание) шығаруға негізделген, алайда, тек интернет желісінде жарық көреді және де желілік басылым куәлігі ұсынылмаған. Апталық тиражы - 1000 данадан аспайды.

III. «Qaradala tynysy – Qaradala napasi» газетін жүргізуге берілген куәлікке сәйкес қазақша, орысша, ағылшынша, ұйғыр тілдерінде материалдар жариялануға негізделген, алайда, тек қазақ, орыс және ұйғыр тілдерінде материалдар жарияланып келеді. Бұл жерде айтатын жайт – газет Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 23 шілдедегі «Бұқаралық ақпарат құралдары туралы» №451 Заңынан ауытқымау міндеттелген және де жауапкершілік көзделгенін ескеру керек.

Сондай-ақ, газет тек Үйғыр ауданының аумағында таралады. Желілік басылым куәлігі ұсынылмаған. А.Дүйсенбайқызының жеке куәлігі мерзімі 12.07.2020 жылы аяқталған.

IV. «Білім шапағаты» газеті жүргізуге берілген куәлікке сәйкес қазақша, орысша, ағылшынша, ұйғыр, күрд тілдерінде материалдар жариялануға негізделген, алайда, тек қазақша және орысша тілдерінде материалдар жарияланып келеді. «Білім шапағаты – www.bsh.kz» желілік басылымы да осы бағытта жұмыс істеуде. Бұл жерде айтатын жайт – газет Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 23 шілдедегі «Бұқаралық ақпарат құралдары туралы» №451 Заңынан ауытқымау міндеттелген және де жауапкершілік көзделгенін ескеру керек.

Сондай-ақ, конкурстық құжаттамаға ұсынылған құжаттардың ішінде қызметкерлердің жеке куәліктері жоқ. Апталық тиражы - 3000 данадан аспайды.

Оның үстіне газет бұл күндері шығарылмайтыны анықталып отыр **(№2 қосымша)**

Жоғарыда аталған негіздемелерге сүйене отырып, конкурсқа ұсынған өнім берушілер алдын ала рұқсат беруге жіберілмеуі керек. Осы орайда, қайта қарау үшін басқы қалыпқа оралу үшін негізгі батырманы енгізуіңізді немесе конкурсты қайта қарауға ықпал етуіңізді сұраймын.

Осы орайда, «Жеке және заңды тұлғаларды өтініштерін қарау тәртібі туралы» Заңы аясында дұрыс шешім қабылдайсыз деген ойдамын. Аталған заңның 12 бабына сәйкес жоғары тұрған органға немесе сотқа жүгінетінімді ескертемін.

Құрметпен,
Редакция газеты «Еңбекшіқазақ» ЖШС-нің басшысы
Х.Ахметжанов